

## **1. Қыз балалар жиналысын өткізу**

Ата-анадан кейін басты тәрбие беруші – мектеп, араласатын орта, қарым-қатынасқа түсетін қоғам. Мектеп өмірінде ер балаларға бөлек, қыз балаларға бөлек арнайы жиналыстар өтетіні белгілі. Алайда, қыздар жиналысының маңызы жоғарырақ. Себебі, қыз баланың жаны нәзік, болмысы ер балаға қарағанда мүлдем өзгеше.

Қыздар жиналысына алдын-ала жоспар құрып, қандай мәселелер сөз болатынын жүйелеп, толық түрде дайындалу керек. Ұл да, қыз да қоғам дамуының басты көрсеткіші. Оларға ортақ ұғым – бала. Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адами құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтер шешуші роль атқаратыны белгілі.

**Мектеп жасындағы қыз балалар тәрбиесін негізінен үш кезеңге бөлуге болады.**

**Бірінші кезең** – бастауыш сыныптар кезеңіндегі тәрбиенің мақсаты тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру, кітап оқу мәдениетін дамыту.

**Екінші кезең** бесінші- жетінші сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері ары қарай дамытыла түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай, қыз бала анасынан еш сыр бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін айтып келеді. Сол шыншылдығы мен ашықтығын пайдаланып, қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру – басты борышымыз. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі.

**Үшінші кезең** тоғызыншы-он бірінші сыныптарды қамтиды. Бұл аралықтағы тәрбие алдыңғы кезеңдермен тығыз байланысты. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Қыздар жиналысын өткізгенде осы жас айырмашылықтарын саралай отырып, олардың таным-түйсіктеріне сай ақыл айтып, жөн сілтеу де оңай емес. Себебі, әркімнің психологиясы әрқилы. Біреуге айтылған ақыл біреуге жақпауы мүмкін. Сондықтан бұл мәселеде барынша абай болған дұрыс.

**Мақсаты:** Қыз балаларды ұлттық тәрбие негіздері мен салт – дәстүрді, халықтық әдеп пен өнерді дәріптеуге үйрету. Ана тілінде таза сөйлей білу дағдыларын дамыту. Инабаттылық пен талғам қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** нақыл сөздер, суреттер, аналарға арналған альбом, сыйлықтар

### **Өтілу барысы:**

**Жетекшінің сөзі:** -Құрметті асыл аналар, қадірлі әжелер, қызғалдақ қыздар бүгінгі «Анаға қарап қыз өсер» атты тәрбие сағатын сіздердің құрметтеріңізге арнаймыз. Дендеріңіз сау, еңбектеріңіз жемісті болсын!

Бүгінгі тәрбие сағаты 2 бөлімнен тұрады.

1. Әдеби музыкалық сәлем.
2. «Анаға қарап қыз өсер» атты сайыс.

Алғашқы сөзімді аналардың анасы әжелерге, асыл аналарға және аналардың көмекшілері, қамқоршы әпкелер мен қыздарымызға арнаймын.

Ана! Не деген мейірлі, не деген шапағат сөз еді!

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана деген – бәйтерегі өмірдің,

Ана деген – алтын қазық, алтын бақ.

Ана деген – асыл жандар болаттай,

Ана деген – мөлдір жандар бұлақтай

О, адамдар, қадірлей біл ананы,

Жат қылыққа ақыл – ойды тонатпай.

Адам үшін ең аяулы, ең қастерлі жан – Ана. Ол бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақанын, жылы жүзі, ыстық құшағы мен мейірімін, махаббатын арнайды. Ана махаббаты адамға қанат бітіреді, күш береді, рухтандырады.

**Ән «Анаға сәлем»** (барлық бала хормен орындайды)

Қазақ халқы ертеде ұлдарын ел қорғайтын батыр болсын деп, ал қыздарын сол батырдың жаудан келуін күтіп, бала өсірер ана болсын деп тәрбиелеген. Ендеше бүгінгі «Анаға қарап қыз өсер» атты сайысымызды бастаймыз!

### **1. Бөлім «Таныстыру».**

Өнер қуып аналар өтер деймін,

Қызымен мұратына жетер деймін.

Бұл сайыста аналар кезектесіп,

Таныстырып өздерін өтер деймін.

*(Әділ қазылар бағасын береді)*

## **2. Бөлім «Сұрақ – жауап»**

«Жасында байқары жоқтың, үлкейгенде айтары жоқ», - дегендей, халқымыздың жас шағында көп нәрсеге зер салып, байқап жүруге бағдар береді. Ендігі кезекте сынға түскен аналарымыздың берілген сұраққа дәл де нақты жауап берулерін байқайық.

### **1-бөлім**

1. Қазақтың үш биі кімдер? (Төле би, Қазыбек би, әйтеке би)
2. Төрт түліктің пірлері. (Ойсыл қара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата)
3. Бес асыл. (Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
4. Шашалып қалған адамға не дейді? (май қап)
5. Үш байлық. (Денсаулық, ақжаулық, он саулық)
6. Үш арсыз. (Ұйқы, тамақ, күлкі)

### **2-бөлім**

1. Үш кескенде кесірткелік әлі қалатын жыртқыш.(жылан)
2. Жүндеуге жақсы жануар.(түйе)
3. Жолы болатын жігіттің алдынан шығатын кім?(жеңгесі)
4. Мүйіз сұраймын деп жүріп құлағынан айырылған жануар?(ешкі)
5. Бір қарын майды шірітетін не?(құмалақ)
6. Тауықтың түсіне кіретін дән?(тары)

### **3-бөлім**

1. Сақина мен жүзіктің айырмашылығы қандай? (Сақинаға тас қойылмайды)
2. Бес дұшпан. (Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)
3. Семіздікті көтеретін жануар.(қой)
4. Үш жетім. (Жаңбыр жаумаса – жер жетім.  
Басшысы болмаса – ел жетім.  
Ұқпаса айтқан – сөз жетім)
- 5.Өз атын өзі шақыратын құс.(көкек)
- 6.Қуаныштың белгісін білдіретін қандай сөз?(шүйінші)

### **4-бөлім**

*Ата мұрасы асыл қазына (салт-дәстүрге байланысты сұрақ)*

1. Қымызмұрындық деген не?
2. Саумалық деген не?
3. Сыралғы деген не?
4. Шарғы салу деген не?
5. Босаға майлау деген не?
6. Жиенқұрық деген не?

**Қымызмұрындық** - бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Оған ауыл ақсақалдары, көршілер шақырылады. Ақсақалдар үй иесіне рахмет айтып, батасын береді. Қымызмұрындыққа шақырылған адамдар соңыра бие ағытылар кезде соңғы қымызға және шақырылады. Ал бұл дәстүр **сірге мөлдіретер** аталады. Кей жерлерде бұл дәстүрді **сірге жияр** деп те атайды.

**Саумалық** - Наурыз туып, жер көктеп, күн жылынғанда өлеңмен айтылатын дәстүрлі тілек, «Саумалық, саумалық,  
Жаңа келген жақсылық,  
Жаңа келген береке,  
Жаңа келген мереке.  
Көрмедік пе,  
Кердік пе?» - деп масайрайды екен бұрынғының қазағы.

**Шарғы салу** (салт-дәстүр) – ұзатылған қыз өзіне таяу сіңлісіне басына тартатын *орамалын* береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген сөз. Мұны біздің ана тілімізде «**шарғы салу**» - деп атайды. «**Шарғы**» салынған қызға жегелері, замандастары бас қосып келіп, жақсы тілек білдіріп шай ішеді.

**Босаға майлау** - жастар жеке отау құрғанда немесе отбасы жаңа үй алғанда жақын-жуықтары үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жағымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босаға майлаған адамға кәде берілуі керек.

### **1-бөлім**

**Құлақтан кіріп, бойды алар. (мақалды жалғастыр)**

1. Көп сөз көмір, (аз сөз алтын)
2. Оқу білім азығы, (білім ырыс қазығы.)
3. Білекті бірді жығар, (білімді мыңды жығар.)
4. Білімдіге дүние жарық, (білімсіздің күні қаріп.)
5. Адам аласы ішінде, (мал аласы сыртында.)
6. Отансыз адам, (ормансыз бұлбұл.)

### **2-бөлім**

**Кімдер жүйрік, сұраққа жауап берейікші,**

**Мектептің мақтанышы боп жүрейікші. (қыздарға сұрақ)**

1. Ұлттық аспап? (Домбыра)
2. Жүз жыл? (Ғасыр)
3. Ауыз бекіту айы? (Ораза)

1. Бір аптада неше күн бар? (7)
2. Бір жылда неше ай бар? (12)
3. Астананың туған күні? (6 шілде)

1. Исламның қасиетті кітабы? (Құран)
2. Сөз өнері сайысы? (Айтыс)
3. Тұңғыш ғарышкер? (Т.Әубәкіров)

1. Қыс айларын ата. (Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан)
2. Республика рәміздері? (Ту, Елтаңба, Әнұран)
3. Желтоқсан құрбандары? (Ләззат, Қайрат, Сәбирә)

1. Білім күні. (1 қыркүйек)
2. Ұлыстың ұлы күні. (Наурыз)
3. Зат есімнің сұрақтары? (Кім? Не? Кімдер? Нелер?)

1. Төрт түлікті ата? (Түйе, сиыр, қой, ешкі, жылқы)
2. Анаңның әкесі саған кім болады? (Нағашы)
3. Қабат – қабат қаттама, ақшының болса аттама! (Кітап)

3 **Бөлім. Шаш сәндеу** ( жылдамдыққа шаш өреді)

Қыздарға әсемдік жарасады,

Ай – көркі биіктетер аласаны.  
Болмаса ару қыз, сұлу әйел,  
Табынып, ер кімдермен санасады.  
**(Әділ қазылар бағасын береді)**

#### **4. Бөлім «Өнер көрсету»**

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,  
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.  
«Өнерлі өрге жүзер» байқауында,  
Қол соғып, барша халық тамсаныпты.

**(Әділ қазылар бағасын береді)**

Сөз кезегі әділ қазыларда.

**Жетекші:** Жеңістеріңіз құтты болсын, құрметті аналар! Өрдайым балаға деген мейірімдеріңіз ортаймасын. «Аналар адамды бесіктен бастап баулиды, өмірдің ірге тасы солардың қолымен қаланады» деген сөз бар.

Аналар қалқып бақыт аралында,  
Лайым мұң қонбасын жанарына.  
Салтанатты кешіміз аяқталды.

Гүл бітсін бәріңіздің қадамына, - дей отырып бүгінгі мерекемізді аяқтаймыз.

### **3. Қыз бала гигиенасы**

Жеке бас гигиенасының бірінші ережесі – тазалық, ол туралы бұрыннан белгілі. Жекелеген кейбір арнайы жеке бас гигиенасының адам жынысына, жыныс ағзалар құрылысы және қызметіне байланысты кейбір арнайы жағдайлары бар.

Етеккірдің басталуы, қыз баланың алдына бір мәселе қояды. Алдымен етеккірдің келуі денсаулық жағдайына, қыз баланың жеке гигиена ережелерін сақтауына байланысты екенін есте ұстау керек. Әдетте, дені сау, шыныққан, спортпен шұғылданатын, жақсы тамақтанатын қыз балаларда етеккір жақсы өтеді.

Жалпы сау қыз бала да етеккір келген кезде жабығу сезу мүмкін. Алайда бұл сырқат емес, қалыпты жағдай. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ой, физикалық жұмыстардан бас тартпау керек. Алайда ауыр физикалық жұмыстарды азайту керек.

Етеккір кезінде сыртқы жыныс ағзаларын таза ұстағанның маңызы зор. Бұл үшін оларды леген үстінде таза жылы «ыстық емес» сумен алдынан артқа қарай жұмсақ иіс сабын қоданып жуу керек. Жуынуды тәулігіне 2 реттен кем емес өткізу керек. Осы кезде күнделікті душ қабылдаған дұрыс. Ваннада, теңіз, өзендерде жуынуға болмайды, өйткені, менструация ауру тудырғыш микробтарға жол ашады да, жыныс ағзаларының қабынын тудырады. Моншадан, әсіресе булы моншадан алшақ жүрген жөн, өйткені жоғары температура қан бөлінуін күшейтеді.

Етеккір келген кезде арнайы салмалар қолдану қажет. Менструация кезінде тағамға ащы тамақтар қолданбау керек, өйткені олар қан ағуын күшейтеді.

Сонымен қатар, жазды күндері – тығыз жатаны іш киім, қысты күндері – жылы трико, рейтуз және жылы аяқ киім киген жөн.

«Нәзіктік» түсінігін баяндаудың қажеті жоқ, алайда осы кезде де кейбір сәттерді ескеру қажет. Нәзіктік (әйелдік) ол тек сыртқы физикалық пішін емес, ол әдемі, дұрыс мүсін, мәнді жүріс. Мәселен тым алшың адым, не теңселіп жүру нәзіктік түсінікке жат белгі. Грациялық – бұл алдымен қозғалуды қадағалау. Артық, сонымен қатар дөрекі қозғалыстар, не жүлқынып сөйлеу де әдемі емес.

Қатты дауыс шығарып сөйлесу, күлу, әсіресе, қоғамдық орындарда көргенсіздік болып табылады.

Дұрыс киім кию аса орынды болып табылады. Бұл кезде таным болуы тиіс, осы танымды тәрбиелей білу қажет. Әдемілікті бәрінен көре білу керек – қоршаған ортадан, мәдениеттен, адам денесі гармониясынан. Жақсы киіне білу қажетті

талаптарды, жағдайларды талап етеді. Ең бастысы алған зат бағасы, не оның сәнділігі емес. Моданы қолдау қажет. Бірақ оны қумау керек. Егерде бірде біреудегі сәнді киім жақсы көрінсе, оның сізде де жақсы көрінуі мүмкін бола бермейді. Бұл жағдайларда сәнді киімнің өзі дәрекі көрініп, ол сіздің парықсыз және әдепсіз екендігіңізді баяндайды.

Косметика – қыз баланың сыртқы бейнесінің маңызды құрамды бөлігі. Өкініштісі, ол қыз бала бейнесін әсемдеуден гөрі, дәрекілейді.

Аса боялған ерін ерсі көрінеді, аса пудрланған бет көркі келіспейді. Аса ғаламат шаш түстері, тушты ұлпалы кірпік бейнелері әсер бермейді. Жаныңызда ұстайтын жайт, ол ең әдемі жеріңіз – бұл сіздің бетіңіз, оны танымды ете білу қажет.

Косметика бойынша ұсыныстар өте көп және өзін сыйлайтын қыз бала косметика өнімдерін дұрыс пайдалана (әрине өз танымы бойынша) білуі керек.

Тағы да бір жайтты айта кету маңызды шығар. Көбі махаббат белгісін көрсету үшін қызмет етеді: әсерлі көзқарас, қол алу, сүю. Алайда, махаббат дәлелін тек физикалық жақындық деп сезінетін және бірнеше кездесуден соң қыз балаларды қыз балаларды жақындыққа тартатын жасөспірімдер бар. Көбінесе мұндай жағдайларда үлкен махаббаттың орнына терең жүрек шайқалуы байқалады. Әсіресе, егер жас қыз жеңілтектікпен жыныстық жақындыққа өз тадасына сеніп, келіссе, ал оның қызға ешқандай махаббат сезімі болмаса, жас шақта бұндай қарым – қатынастар қауіпті, өйткені қыздар еш дайындықсыз не өзін, не баласын қамтамасыз ете алмайтын ана болуы мүмкін. Организмде де тым ерте жүктілікке жақсы реакция бермейді.

Көптеген жасөспірімдер жас қызбен жақындыққа түсіп, өз құмарлықтарын ғана қандырады. Көбіне қажеттіліктері әрдайым сексуалды емес, мансапқұмарлық болып табылады. Өздеріңізді сақтаңыздар, сізден ешқайда қашпайтын жайды тым ерте тануға асықпаңыз. Өзіңізге сыйластықпен қараңыз. Өз роліңізді, өз қажеттілігіңізді есте сақтаңыз. Адамзат ұрпағын сақтап қалу, бағасыз тұқымдық материалды сақтап қалу – сіздің қолыңызда.

#### **4. Бала тәрбиесі – қоғам тәрбиесі**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы мемлекетінде жас балалар және жасөспірімдер арасында (ұрлық, бұзықшылық, зорлық-зомбылық) саны артуда. Үлкендер жасөспірімдердің арасындағы тәрбиесі «қиын» балалармен қалай жұмыс істеу керектігі жайлы жан-жақты ізденістер үстінде. Бұл тек біздің облысымызда ғана емес, бүкіл Республика бойынша өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасының Алғашқы Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында «Біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық жолдары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құрамыз» деген. Бұл, яғни бәсекеге қабілетті ел болу үшін жас ұрпақты тәрбиелей білуіміз керектігі. Тәрбие отбасынан басталады. Ал өмірге келген ұрпақты тәрбиелеу ол ең бірінші отбасының міндеті. Балаға тәрбие беріп, өмірге қосуы, ол – ата менен ананың жауапты ісі. Қазіргі кезде кейбір отбасында әке мен шеше ішімдікке салынып, болмаса неке тәртібін бұзып, немесе некесіз бала туып, ол баланы тастап «тастанды» қатарын көбейтіп жүрген қаракөз қыздарымыздың саны күн санап артып отыр. Сондықтан да, бұл қоғам дертін алдын алу қажет.

Тәрбие ұғымы мәнді де мағыналы ұғым, Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім, ол адамзаттың қас жауы» дегені дәл бүгінгі күнге айтылған секілді. Жалпы білім беретін мектептерге қарағанда кәсіптік мектептерде қиын балалар көбірек кездесетіні белгілі, «Қиын балалар дегеніміз кімдер?» - деген сұраққа, былай жауап беруге болады: «Олар мектеп тарапынан ерекше, қосымша бақылауды талап ететін, тәрбиелеуге қарсылық білдіретін балалар». Сонымен қоса, білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалімдердің талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, топтастарымен үнемі тіл табыса аламайтын, ол кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған, ашуланшақ (әртүрлі жүйке ауруларына шалдыққан) балаларды қиын балалар және қиын жасөспірімдер қатарына жатқызуға болады. Қазіргі уақытта дәрігер, психологтар және инспекторлардың есебінде осындай балалардың пайызы жоғары болып отыр. Бұл қоғамның алға басуына өз кесірін тигізетін де белгілі. Осы жоғарыда айтылып өткен қиын балалармен әлеуметтік жұмыс жасау бүгінгі күннің қажетті және өзекті ісі болып табылады.

## ***5. «Қыздар сұлу көрінер қылығымен»***

**Мақсаты:** Қыздармен *әңгімелесе отырып*, ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, *зиянды әрекеттерге еліктеудің*, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Қыз сұлу көрінеді қылығымен,

Жарыса боймен қос бұрымымен

Бұл күнде сұлулықтың үлкені осы,

Қыз сұлу көрінеді білімімен.

**Ой қозғау:** Қазақ қызы қандай болу керек?

*«Күн шуағы» жаттығуы.*

Қыз балалардың бойында қандай қасиеттер болу керек?- деп сұрай келе, өз бойындағы қандай жағымды қасиет бар, соны білу және күн *шуағына жазу*

**«Қыз бала - ұлттың ұяты,**

**халықтың шырайы»**

«Қыздарға әсемдік жарасады» демекші қыз балалар тәрбиесін, қыз баланы әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықтың жаршысы екенін сөз етпекпіз. Біздің халқымызда қыз *деген сөздің өзі әдеміліктің*, жан – жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады.

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын, Көрінер толған айдай жүзі жарқын Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес, Халқының сақтай білген ізгі салтын.

**Сауалнама 1. Қыз балалардың бойында қандай қасиеттер болуы**

**керек?**

2. Өзінді ұстау ережелерін білесің бе? (қонақта, театрда, сабақта, **спорт залда**, асханада)
3. Сен киіну мәдениетіне мән бересің бе?
4. Инабаттылық, әдемілік, әсемдік туралы қандай көркем шығармаларды білесің?
- 5.Қыздарға байланысты қандай тыйым сөздерді білесің?
6. Қазіргі замандағы қыздар тәрбиесінің ақсап бара жатыр дегеніне келісесің бе?

**Пікірталас**

- Жүргенде сендер тамаша-ақ,

Қазақтың ғажап даласы.

Өздеріңсіндер болашақ,

Ұрпақтың ұлы анасы-дегендей

Ұлттық дүниетаным, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің қыз бала тәрбиесінде қаншалықты рөлі бар?

- Аяулы ару қыздар, көрікті көктемдегі

Тамаша сіздерменен өмірдің өткелдері

Жанарды жалт еткізіп, біздерге қараңыздар

Осылай көңілдерге шуақ боп тараңыздар- қазіргі заман талабына сай қыз бала өзін қалай ұстауы керек, бұрынғы қазақ қыздарының қылығы мен қазіргі қазақ қыздарының қылығының қандай айырмашылығы бар?

- Бүгінгі күнде көптеген бойжеткендеріміздің салғырттыққа салынып, өмірдің қараңғы жағына бет бұрып кетулеріне қандай себеп бар?

- «Ақыр заман болғанда, су тартылар

Қарап тұрған жігітке қыз артылар» — деген болжаудың бүгінгі тыныш заманда қаншалықты ақиқаттық мөлшері бар?

2. Сенің сыныптас достарың **бірқызбен отыруға таласып**, дауласып жатыр. Төбелескеде жақын қалды. Сенің әрекетің қандай болады? Қандай кеңес берер едің?

**Жағдаяттарды талдау.**

1. Өзіңе ұнамайтын құрбы қызбен аялдамада кездесіп қалдың. Ол екеуің бір бағытта баратын болдыңдар. Әрі қарай әрекетіңді көрсет.

3. Сенімен бірге оқитын қызды басқа сыныптың ұлдары ренжітіп алды. Сенің құрбың жылады. Осы оқиғаны көргеннен сенің әрекетің қандай болмақ?

4. Бұрын әке-шешесінің әперген киімін талғамай кие беретін бала бір күні аға- әпкелерінен қалған киімдерді киюден бас тартады, жақсы, қымбат,

өзі таңдаған киімдерді әпермесе, ата-анасына ренжиді.

5. Мектепте қыз аруы байқауы болып жатыр. Сахнаға шығуға 2 минут қалғанда туфлиіңнің өкшесі сынып қалды сенің әрекетің?

### **Қызға қырық үйден тыю дегенді қалай түсінесің?**

Жарыса сөйлеуге

Өтірік, өсекке

Кісіге қарай керіліп есінеуге

Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға

Беттен алып,

бет жыртысуға

Әдепсіз сөзге

Менмендік пен

өзімшілдікке

Көрсекызарлыққа

Рахымсыздық пен қатыгездікке

Ішімдік пен шегімдікке

### **Қорытынды:**

Қыз қылығымен сүйкімді.

Ешқашан ешкімді жамандама, ең жаман адамның да өз жақсылығы болады.

Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, оның жымиғаны да жетеді.

Әдепсіз қыз шеше атына кір келтіреді.

Есті қыз етегін қымтап ұстайды.

Қыз баланың сүйреңдеп көп сөйлемегені абзал.

Барынша сабырлы, ақылды, әдепті бол!

Қорытындылай келе, кездесуімізден

не түйдік?

**Назар қойып тындағандарыңызға рахмет!**

**6. Иманды қыз, сүйкті жар, аяулы ана болу үшін не істеу керек:**

Бірінші: "Анасын көріп қызын ал" деген сөз бекер айтылмаған. Ал Қорқыт бабамыз: "Қыз анадан көрмейінше - өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше - сапар

шекпес" деген екен. Егер сен ананнан жақсы тәрбие алып жүрсең, ойлағаныңа жетерсің. Ал керсінше осы бастан ата-ананды тындамай, оларды қадыр тұтпасаң, оларға сөз келтірсең, мақсатыңа жете алмайсың. Раббымыздың өзі әмір еткен емес пе: " Өзіңе ғана ғибадат етуді, әке-шешеге жақсылық қылуды. Олардың бірі немесе екеуі қолдарыңда болса, олардан тух, деп жерінбе, екеуіне де жылы сөйле. Мархабатт құшағын жай да, оларды сүйспеншілігіне бөлей көр

Екінші: дос тандауда абай бол! Басыңа іс түссе аршалай алатын, ауырыңды жеңілдетер дос таңдай біл. Араласатын ортаң үлгілі, салмақты болсын. Айналаң топас, тобыр болса, өзіңнің де мал болғаның. Өмірде адам бойына енуге құмар жамандықтардың түрі көп, міне осыдан сақтан. Себебі, болашақта аяғыңа тұсау болуы әбден мүмкін. Жамандыққа бойың бір үйренсе, одан арылу қиын. Жақсы адам болу тек өзіңе ғана байланысты.

Үшінші: болашағыңа жол ашар, жемісін көрер, қабілетіңе қарай мамандық таңда. Сол мамандығың бойынша кәсіп ізде. Тұла бойың, ойың, санаң таза, пәк кезінде білім сусынымен сусындап ал. Пайғамбарымыз бір хадисінде "Бесіктегі кезіңнен кәбірге шейін білім ізде" деген.

Төртінші, егер сен жоғарыда айтылғанның бәрін орындасаң, ойындағыдай жігітке жолығасың. Өйткені сен иманды қызсың. Адал, пейілі ақ, түсі жылы жанды Алла өзі қолдайды. Пайғамбарымыздың тағы бір хадисінде: "Егер пендем Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір адым жақындаймын, Маған бір адым жақындаса, Мен оған екі қадам жақындаймын. Қашан ол маған жүрсе, Мен оған жүгіремін" - деп айтқан екен

## **7.«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!»**

Сценарий

тақырыбы: «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!»

Сценарий мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Сценарий көрнекілігі: аналар жайлы нақыл сөздер,мақал-мәтелдер.

Барысы:

Кіріспе:

**Жүргізуші:** Кеш жарық, қымбатты ұстаз-аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып,тағы да 8-Наурыз халықаралық әйелдер күні келді.Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны,аналарға

деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар-өмірдің гүлі, көңілдің

жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі

тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса,бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Біз ғана емес,қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар,қасиетті аналар!

Құрметті аналар, қыздары! 8-Наурыз халықаралық

әйелдер күні мерекесі құтты болсын! Сіздерге әрқашан сыр бермес

денсаулық, өмірдің шапғатын тілейміз! Бұл күні өздеріңізге бағытталған тілектер

періштенің құлағына шалынсын... Әрдайым мейірім шуағын шашып жүре беріңіздер.

Әйел-Ана, Әйел-Өмір, Әйел-тіршілік өзегі. Өмір бесігінде іңгә тербетіп,

адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашанда қастерлі,

сөзі-өсиет, тұғыры биік. Алтын құрсағынан адамзаттың алабы жаратылған асыл

ананың жүрегі үлкен, жүзі мейірімді, қолы қайырымды. Көңіл шуағына мейірім

төгілген аяулы жанның өмірден алар несібе жемісі-алтын босағасы мен сүйкімді

перзенті болар. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызыңнан құтыла

алмайсың» деген ұлы ғұламалардың сөзі бар. Шынымен солай. Адамзат жүріп өткен

небір ауыр жол, алмағайып заманнан ұрпағын аман-есен бүгінгі күнге жеткізген

әйел-ана құдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлпештеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін

емес. Ана-болашақтың демеушісі, ұлттың жебеушісі, сәбилердің бақыты.

Көңілің Алатаудың ақ қарындай,

Мейірімің күннің шуақ шақтарындай.

Қалайша аяулы ана тына алармын,

Ән болып сағыныштан ақтарылмай, -деп абзал аналарымыз бен қырмызы

қыздарымыздың құрметіне ұлдардың құрметіне «Аналар алтын» атты әнін қабыл

алыңыздар.

Мың бұралып билеген

Аруды кім сүймеген .

Күміс көмей аруларға

Кімдер басын имеген-дей отырып келесі кезекті қыздардың  
орындауындағы «\_\_\_\_\_» биіне береміз.

Жанұяның жылуын суытпай, тал бесікті тербей отырып, тебірене толғар бесік  
жыры ,аңыз ертегілері мен жақұт жырлары арқылы ұрпағының бойына адамдық  
қасиеттерді дарытып отырған аналардың құдіретті сезімдеріне арналған әсем  
әнді

қабыл алыңыздар. Берикова Аиданың орындауындағы «Апатайым, анашым»  
әнін қабыл алыңыздар.

Аналар адамды бесігімен баулиды... Өмірдің іргетасы солардың қолымен  
қаланады. «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп, ислам діні әйелдерді  
ерекше

құрметтейді. Егер де бір үйде қыз бала дүниеге келсе, береке, молшылық,  
бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі деп жорыған екен.

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,

Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілер өнерлерін көрсетуде,- алдарыңызда Құмар Назерке

мен Төлегенова Аизаның орындауындағы би

«Отбасы-шағын мемлекет»

деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің

құт берекесі. Әйел-ана отбасы жылуын сақтаушы, қоғамның ертеңі болашақ балаларды тәрбиелеуші. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» дегендей, бақытты бүлдіршіндеріңіздің әсем әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «\_\_\_», орындайтын: \_\_\_\_\_

Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр.

Аяулысың, ауылымның асылдары,

Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,

Сендер үшін мереке шашулары,- дегендей, алдарыңызда

\_\_\_\_\_ оқушыларының орындауындағы «\_\_\_\_\_» биі. Қабыл алыңыздар!

Десек те уақытпен жарыспайды,

Қиялға қиялменен қарыштайды.

Шәкірттер шын жүректен тебіреніп,

Жырларын аналарға бағыштайды.

Олай болса шәкірттеріңіздің аналар жайлы өлең шумақтарын

тыңдайық. (\_\_\_\_\_ оқушыларының жыр шашуы)

Осы айтылғандардың бәрі шындық, бәрі шын, аналар ажалдан күштірек, жапанға

бір тоқтамсыз данышпандарды, ақындарды, ерлерді тауып беретін аналар. Барлық

жақсылықты себетін де аналар. Ендеше сол аналар алдында бас иелік!

Ана –барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш,тіршіліктің қайнар

бұлағы.қазақ әйелінің дастарханы тоқ,қонағы ырза,дүниесі түгел.Олар үшін

бірінші орында отбасының берекесі тұрады.Бөбегін бесікке бөлеп,әлдилеп аялаған

ана бақыт құшағында емес пе?!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе,жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде

Ақ сүтіңді ақтап өту-арманым.

Барша ана,құтты болсын мерекеңіз

Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтіңді,асыл анам.

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар,біздің «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!» атты мерекелік кешімізді көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет.

Сіздерден өскен балалар Батырлар мен даналар. Құттықтаймыз мейраммен,Құрметті

абзал аналар. – дей келе құттықтау сөз кезегі мектеп директоры \_\_\_\_\_беріледі.

Демеңіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Қош болып тұрыңыздар көріскенше,

Осымен концертіміз аяқталды.Сау-саламатта болыңыздар!

## 8. Қыздарға не жарасымды?

Мақсаты:

Қыздардың жат қылықтарды ажырата білуі, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани болмысына келтіретін зияны туралы түсініктерін дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

- 1) Қыз балалардың жат қылықтардың зияны туралы өзіндік мәні бар түсініктері қалыптасады.
- 2) Темекі, ішімдік, денені жалаңаштау, тағы да басқа жат қылықтардың денсаулыққа зияны және қыздар тағдырына әсері туралы ақпараттармен танысады, оларды өмірдегі жағдайлармен салыстыра бағалай алады.
- 3) Достармен және құрбылармен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидаларын ұстануға және өзгелерден де оны талап етуге үйрене бастайды

I Сабақтың кіріспе бөлімі.

Қыздардың қызығушылығын ояту.

Мақсаты:

- Жаман әдеттер туралы ой – пікірлерін білу, ол туралы естігендерін талдау;
- Жат қылықтардың зияны туралы ой салу, осы тақырыпта әңгімелесуге даярлау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Қыздарға жат қылықтар» дегенді қалай түсінесің?
2. Жаман әдеттерге нені жатқызар едіңіз, неліктен?

3. Темекі тарту, арақ ішу қыздарға неге керек?
4. Денені жалаңаштау туралы не ойлайсыңыз?
5. Қыздар неліктен төбелеседі?

II Сабақтың негізгі бөлімі. Жаңа ақпаратпен танысу

Мақсаты:

- Қыз балалардың жат қылықтардың зияны ақпараттарды оқи және талдай отырып, дұрыс түсініктерін қалыптастыру.
- Темекі, ішімдік, денені жалаңаштау, тағы да басқа жат қылықтардың денсаулыққа зияны және қыздар тағдырына әсері туралы ақпараттарды өмірдегі жағдайлармен салыстыру, бағалау.

Темекі тарту

Жас қыздар ешбір қымсынбастан темекі тартып тұра беретін болды. Ал олар болашақта ана болатын нәзік жаратылыстың иелері емес пе? Ертеңгі күні дүниеге нәресте әкелуі керек. Шылымның зияны шегіп тұрған адамның тек өзіне ғана емес, маңайындағыларға да үлкен әсер ететінін ғалымдар баяғыда-ақ дәлелдеп берді. Ал шылым алдымен бойжеткеннің денсаулығына, одан кейін болашақ ұрпағына зауалын тигізеді. Темекі тартқан адам өзінің асқазанын, өкпесін және басқа органдарын бұзады. Өз ғұмырына өзі балта шабады. Шылым шеккен адамдардың орта жасы 60 жас төңірегінде болып отыр. Бұл ұлттың салауатты өмір сүруіне, ұзақ өмір сүру деңгейіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан бұл мәселеге халық көңіл бөлуі керек.

Қазір қарасаңыз, жоғарғы оқу орындарында оқитын студент қыздар ешбір қымсынбастан темекі тартып тұра беретін болды. Ал олар болашақта ана болатын нәзік жаратылыстың иелері емес пе? Ертеңгі күні дүниеге нәресте әкелуі керек. Шылымның зияны шегіп тұрған адамның тек өзіне ғана емес, маңайындағыларға да үлкен әсер ететінін ғалымдар баяғыда-ақ дәлелдеп берді. Ал шылым алдымен бойжеткеннің денсаулығына, одан кейін болашақ ұрпағына зауалын тигізеді. Темекі тартқан адам өзінің асқазанын, өкпесін және басқа органдарын бұзады. Өз ғұмырына өзі балта шабады. Шылым шеккен адамдардың орта жасы 60 жас төңірегінде болып отыр. Бұл ұлттың салауатты өмір сүруіне, ұзақ өмір сүру деңгейіне кері әсерін тигізуде.

Бұрын қазақтың қыз-келіншектері былай тұрсын, Қазақстанда тұратын өзге ұлттың өкілдері де ашық түрде шылым шекпейтін. Әйелдердің темекі тартқанын көрген ел-жұрт жағасын ұстап айтып отыратын-ды. Яғни, тағдырдың ауыр тауқыметін шеккендер, үлкен күйзеліске ұшырағандар, бұзылғандар сондай жаман әдетке барушы еді. Ал қазір керемет жоғарғы қызметте істейтін әп-әсем қыз-келіншектердің өзі танауынан түтін жіберіп, шылымды шиырып тұрады. Бұл қалай болғаны? Өттең, шылым шегетін қыз-келіншектер өздерінің келешегі туралы ойланбай тұр ғой! Шылымның зияндылығы жөнінде үгіт-насихат та өз деңгейінде болмай отыр. Насихат жұмысын мектеп

қабырғасынан бастау қажет. Оқу жоспарына енгізіліп, ашық сабақтар түрінде жүргізілсе, көп ұтарымыз анық. Ұрпаққа шылым шегудің жай жаман әдет емес, оның қасірет екендігін ұғындыру қажет ұрпаққа. Бүгінгі таңда СПИД-ті өте қатерлі ауру деп айтып жүрміз ғой. Ал темекі мен арақ екеуінің зардабы СПИД-тен де асып кетеді

Арақ туралы

Екінің бірі осы күні бір шөлмек арақты 110-120 теңгеге сатып алып, сылқытып ішіп жатыр. Қазір ол көп ақша емес қой. Мұндай жеңілдік кейбір адамдардың араққа мүлдем салынып кетуіне жол ашып береді.

Арақтың қазаққа әкелген қасіреті қаншама? Тектен-текке отбасылар ажырасып, шаңырақтары ортасына түсті. Ішімдіктің салдарынан үлкен қылмыстар да жасалып, қаншама бала жетім қалды екен?..

Иә, бұл – ойлансаң, өте қиын жайттардың бірі. Өсіп келе жатқан немерелеріміздің болашағын ойласам, көп нәрседе көңіліме алаң кіреді.

Қазақ деген сенгіш халық қой. Соңғы жылдары сыраны қазақтың жігіттері мен қыздары алып ішіп жүргенін жиі көреміз.

Қазақтың қыздары шетелдіктерге еліктеуден әріге бара алмай жүр. Бір қолында – сыра, аузында – шылым. Онысын өзінше үлкен жетістікке жеттім деп мақтаныш көреді. Осы мақтанарлық қылық па?! Егер мақтанар болсаң, жақсы біліміңмен, білім мен өнерде жеткен биік жетістігіңмен мақтан.

Ауылдағы ата-әжең мен әке-шешеңе, бауырларыңа жасаған көмегіңмен мақтан.

Қыздарымыз жаман әдеттерден арылып, ибалылықпен имандылыққа қарай бет бұруы қажет. Қазір имандылыққа үйрететін аталар мен әжелер де табу қиын болып тұр ғой. Тіпті, ене мен абысын және келіні қатарласа отырып, арақты сіміріп, оны мақтан тұтатыны өкінішті-ақ. Мұндай ежелер мен абысындар жас келінге қандай үлгі өнеге береді дейсің. Қарғыстың жаманы «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген ғой. Барлық қазақ әйелдеріне айтылған деп теріс түсініп қалып жүрмеңіздер.

Өкінішке қарай, осындай жайлардың көбейіп кеткені шындық.

Денені жалаңаштау туралы

Болашақ ана атанатын қазіргі қазақ қыздары сәнді деп батысқа еліктеп барады. Кіндігінен төмен шалбар, ашық-шашық көйлектер мен жейделер қазақ қызының ұстанатын стиліне айналған тәрізді. Кейінгі кезде ару қыздарға, әйелге тән нәзіктік пен ибалы қасиеттер де ұмытылып барады. Бүгінде бойжеткендердің жарым-жартылай жалаңаш, кіндіктерін жарқыратып жүре беруі етіміз үйреніп кеткен құбылысқа айналып барады.

Дегенмен, мұны сән деуге келе ме? Өйткені, сән қуған кейбір қыздар өздеріне сондай үйлесімсіз, сорақы көрініп тұрғанын да байқамайды. Қазіргі күндегі сырт көріністің жалаңаштануы рухани

жалаңаштыққа әкелмесіне кім кепіл?

Біз әу бастан-ақ, жанның сұлулығын тән сұлулығынан жоғары қойып өскен елміз. Қыздар мен келіндер жасы үлкендерге сонау жерден сәлем беріп, тіпті, дастархан басында тура қарамай, бір қырындап отырған. Ер-азаматтар отырған жерде дауыс көтеріп сөйлемеген, ретсіз күлмеген. Ұлтымыз қыз баланы қылықты қылығына қарап та бағалаған. Жат-жұрттық боп саналатын қыз бала тәрбиесіне айрықша мән берген.

Отбасында ерекше тәрбиемен өскен қыз, кісі көзінше денесін жалаңаштамақ түгіл, әлдебіреудің бетіне күліп те қарамаған. Ал, қазір ше? Ата салтына ескілік деп қарап, батыстың бейәдеп қылықтарын санасына сіңіруден таймай отыр. Әсіресе, ару қыздарға, әйелге тән нәзіктік пен ибалы қасиеттер қол жетпес сағымға айналуға. Жартылай жалаңаш киім киісі тұрмақ, бұл күнде мұрын мен кіндік тұсын тесіп, сақина кигізіп алатынын қайтесіз?

Сән қуған жастарымыздың кіндігін жарқыратып жүретін осы бір әдетінің орны толмас өкінішке ұрындыратынын елеп-ескере бермейтіні өкінішті-ақ. Статистикалық мәліметтерге құлақ түрсек, 16-20 жас аралығындағы жас қыздарымыздың дені бүйрек ауруына тез шалдығады. Себеп-салдарын алыстан іздемей-ақ, сән қуып жеңіл киіну, қала берді қос бүйірді жалаңаштап, желдің өтіне тоса жүруінен аңғаруға болады. Қыстың қақаған аязы мен жылы күндері соғып тұратын өкпек желдің зардабы қауіпті екенін жастар ескере бермейді.

Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігінің белгісін қылығы ғана емес, сыртқы бет-пішіні, киім киісіне қарап та бағалаған. Осындай ибалы әдеттердің көбісі кейінгі кезде ұмытылып бара жатқаны жан түршіктіреді. Сондықтан, «ұлтынды сақтаймын десең — қызынды тәрбиеле, руынды сақтаймын десең — ұлынды тәрбиеле» деген даналардың сөзі бар. Батыстық тәлім-тәрбие үлгісі мен мәдениетіне еліктейміз деп жүргенде, қазақи қалпымызды жоғалтып алмайық...

Жалаң бас, кеудесін ашып, тізеден төмен жалаңаш жүру егде тартқан кексе әйелдерде көп кездеседі. Өкінішке орай, өздерінше заман талғамына сай киініп жүрміз деп ойлайды және соны мақтаныш көреді. Қазаққа жат қылықтарды көргенде қатты қапаланасың. Қарғыстың жаманы «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген ғой. Барлық қазақ әйелдеріне айтылған деп теріс түсініп қалып жүрмеңіздер. Өкінішке қарай, осындай жайлардың көбейіп кеткені шындық.

Орынсыз киіну, орынсыз жүріс-тұрыс әйел затының әйелдік, нәзіктік, сыпайылық көркіне нұқсан келтіретін қылық екенін естен шығаруға болмайды. Белгілі дәрігер Ишанбай Қарақұлов айтқандай: "Адам жарасымды тәуір киіне білуі керек. Бұған кімнің таласы бар. Әйтсе де бүгінгі жастарға әдеби мен әдеті көпке үлгі жас ұрпақ өкілдері екендерін қашан да, қайда болса да есте сақтаңдар дегіміз келеді. Өзіңді басқаларға үлгі ет, басқаларды қызықтыратындай әдептіліктің иесі бол дейміз.

Денсаулыққа, тазалыққа, сыпайылыққа зиянды ерсі әдет қай жерде де жеткілікті. Қыс пен күздің суық

күндерінде де келте көйлекке қызығып, денсаулығына зиянын тигізіп алған, боянамын деп әсем шашын әлемештеп алған, кірпіктерін жұлып, енді оны қайта өсіре алмай жүрген бикештер аз ба? “Әсемпаз болма әрнеге”,— деп Абай осындай ұрпақтарына ескерткен сияқты болады да тұрады. Біз жастардың, әсіресе, балаларымыздың әдепті, сыпайы болғанын өте ұнатамыз. ”Әйелдің бойындағы әлсіздікті ұнатам” дегенде оларды кемсітіп емес, жоғары бағалау деп түсіну керек.

Денеге сурет салу

Бүгінде жастар арасында денеге сурет салу белең алып барады. Бір сөзбен айтқанда, адам тәніне таңба басу және ол суреттердің небір жын-шайтан кейпіндегі бейнеге көп ұқсайтындығы жас жеткіншектер психологиясының күрт өзгеруіне бірден-бір себепші болып отыр. Алайда, жастар мұны керісінше түсінеді. Олар үшін бұл – сұлулық пен өзгеден ерекшеленудің белгісі, бүгінгі қоғамның модасы. Қазір мектепте оқитын, «бесіктен белі шықпаған» қыз бала ойланбастан денесіне сурет салдырады. Бір-екі оқушының әңгімесін тыңдап көрсеңіз болды, мұндай татуировкаларды қайда және қалай салдыруға болатындығын жаттап алған. Әрі соған сай қаланың кез келген жерінен қалаған суретінді салып беретін салондардың қатары да көбейіп отыр. Ал бұл аз десеңіз, адам денесін қойып, көздің қарашығына сурет салдыруға болатындығы жөніндегі жарнамалар да бар. Адам денесінің ең киелі әрі нәзік мүшесі көзге мұндай іс-әрекеттердің қаншалықты зиян екендігін, әрине, олар біле бермейді. Тіпті, көзге мұндай суреттерді салдыру кезінде адамның жанары бір-ақ мезетте су қараңғы болып қалмайтындығына кім кепіл...

«Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі» демекші, қыз бала тек сұлулығымен емес, бойына біткен мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерімен де көрікті. Қазақ хылқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсірген. Нарықтық заманның талабы өзгерсе де, бойындағы ұяндық нұрын сөндірмей, қазақ қызына тән болмысын бұзбай жүргендер де жетерлік. Алайда, бес саусақтың бірдей болмайтынындай, «арзан» алтынға қымбат қасиеттерін алмастыруға дайын қыздарымыз да жоқ емес. Төбелесу туралы

Қыздың бойындағы нәзіктік оның жан дүниесінің табиғатын ерекше нұрға бөлеп тұрары хақ. Белгілі абайтанушы Омар Жәлел: «әйел күші нәзіктігінде» деген екен. Қыз-қарындас, қыз-ана, қыз-болашақ жар. Қыздың жатжұрттық екенін кішкентайынан құлағына құйып, тәрбиесіне сіңіретін қазақ үшін қыздың орны әрқашан бөлек. Тіпті, ер адамның ауыр жұмысына да жақындатпай, аялап өсіргені белгілі.

Бүгінгі таңда тағдырдың ауыртпалығына төтеп беру үшін қыздар ердің жұмысын атқарса, ол таңсық емес. «Нәзіктігімен қатар бойында қайсарлық та бар екен» дейміз. Ал қыздардың арасындағы кикілжіңді шешу үшін қара күш пен төбелеске жүгінуінің себебі неде?! Қайсарлығын көрсету немесе еріккеннің ермегі ме?!

Қыздардың арасындағы төбелестің түр-түрі жасөспірімдердің қолдарындағы ұялы телефондарда да, сайттарда да жиі ұшырасатын көрініске айналды. Тіпті, телеарналарда да кейде ондай бейнежазбаларды «жаңалық» етіп көрсетуге құмар. Сұлу сымбаты бола тұра, күшке жүгінудің қыздарға жараспайтыны айдан анық. Мейірімділік пен жақсылық үшін жаралған қыздардың кейбірінен бұл қасиеттің кетіп, зұлымдық пен қорлау сияқты жолға бой алдырғаны ма?! Көпшілікті толғандыратыны төбелестің туындау себебі болар. Ерекше қатыгездік байқалатын көріністердің кейбірі кездейсоқ түсірілсе, кейбір төбелестер «арнайы» түсірілім үшін даярланса керек. Қыздар үшін басқа ермек жоқ дегенге де ешкім сенбес. Бәлкім, бұл еліктеу болар?! Көгілдір экраннан сан түрлі зорлық-зомбылық, төбелестің куәгері болып өскен қыздардың сол жолға бет бұруы да таң қалдырарлық емес. Тіпті, мектеп жасындағы қыздар арасындағы төбелестерді де ара тұра телеарналардан көрсетіп тұратыны белгілі. Ал, шетелдің «шедеврлерінде» ұлдар да, қыздар да төбелесқұмар тұратынын көріп жүрміз.

Қоғамның бөлінбес кикілжіңіне айналған осындай төбелестерді телеарнадан көріп қалғаным бар. Осының барлығын көре тұра туындаған сұрағым біреу-ақ болды: Қыздардың ұяңдығы мен нәзіктігі қай жамандықтың тасасында қалды?!

Бұл төбелестерде, әсіресе, қатыгездіктің белең алатыны рас. Нәзік болмысты қыз үшін біреуді ұрып-соғуды ерлік көріп, мақтан ету, меніңше, ұят нәрсе. Қыздың күші білекпен өлшенеді деген де қазақ үшін жат қылық.

Қыздардың кейбірі ішімдікке, бірі темекіге құмар, енді бірі төбелеске құмар болып алды. Қазақ үшін жаны ашитын адамдарды толғандыратын мәселе де осы болып отыр. Яғни, ұлттың ұрпағын өмірге келтіруші де, тәрбие беруші де – қыздар. Қанында осындай қасиет тамшысы болса, олардың сүтімен сусындаған ұрпақ қандай болмақ?!

III Сабақтың қорыту бөлімі.

Қыздардың ойларын білу, пікір алмасу.

Мақсаты:

- Бұрынғы білімдері және жаңа мәліметтерді талдай, өздерінің ой елегінен өткізе отырып, өз ойлары мен жаңа көзқарастарын қалыптастыру.
- Үйдегі, достар мен үлкендер ортасындағы күнделікті қарым-қатынаста ұяттылық, инабаттылық, әдептілік қағидаларын ұстануды және өзге құрбыларынан да оны талап етуді үйрету.

Тапсырмалар:

- 1) Қойын дәптеріңізге сіңліңізге (таныс қызға) қысқаша хат жазыңыз. Онда бүгінгі сабақтан не үйренгеніңізді жазыңыз.
- 2) Өзіңіз үшін бұлжытай орындауға қажетті үш ереже ойлап табыңыз. Оны да қойын дәптерге

жазып қойыңыз.

3) Осы жазғандарыңыздың құпия еместерімен бөлісуге болады.